



# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ГАЗЕТ 1948 ЖЫЛДЫҢ  
КӨКЕК АЙЫНЫҢ 20-шы  
ЖҮЛДЫЗЫНАН  
ШЫҒА БАСТАДЫ  
28-ҚЫРКҮЙЕК, 1994 Ж.  
СӨРСЕНБІ  
№ 1 (1239)

## ҚАЗАҚ КСР МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

1991 жылғы қазанның 23-і № 629

### С. М. КИРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АТЫН ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ

Қазақ КСР Министрлер Кабинеті қаулы етеді:  
С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің аты өзгертіліп, оған ұлы философ, ғалым-энциклопедист Әл-Фарабидің есімін беру туралы Қазақ КСР Халыққа білім беру министрлігімен және Қазақ КСР Ғылым академиясымен келісілген Қазақ Мемлекеттік университеті коллективінің ұсынысы қабылданып және ол бұдан былай Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік университеті деп аталсын.  
Қазақ КСР  
Премьер Министрі **С. ТЕРЕЩЕНКО**

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ӨКІМІ РАСПОРЯЖЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН К. Н. Нәрібаев туралы

КӨПЖАСАР НӘРІБАЙҰЛЫ НӘРІБАЕВ ӘЛ-ФАРАБИ  
АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ УНИВЕР-  
СИТЕТІНІҢ РЕКТОРЫ БОЛЫП БЕКІТІЛСІН.  
Қазақстан Республикасының  
Президенті **Н. НАЗАРБАЕВ**  
Алматы, 1993 жылғы 13 мамыр  
№ 1199

## Құттықтаймыз!

Қазақстан Журналистер Одағының 1993 жылғы үздік шығармаларға жарияланған бәйгесінің қорығындысы шығарды. Олардың ішінде «Қазақ үні» газетінің редакторы, журналистиканың тарихы кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымының докторы, профессор Ф. Оразаев, Қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны кафедрасының доценті, филология ғылымының кандидаты Ө. Әбдіманов Қазақстанның демократиялық баспасөзінің тарихын жазып, дәстүрлерін жанғыртқаны үшін Мұхамеджол Сералин атындағы, халықаралық журналистика кафедрасының профессоры Ә. Ыдырысов Кәкімжан Қазыбаев атындағы, университет кәсіподақ комитетінің төрайымы, доцент Л. С. Ахметова Әнуар Әлімжанов атындағы сыйлықтар алды.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің мәртебесі туралы

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің интеллектуалды әлеуетін неғұрлым толық пайдалану, ғылыми, ғылыми-педагог кадрларын және халық шаруашылығына мамандар даярлауға қосатын үлесін ұлғайту, оқу және ғылыми-зерттеу процесін басқаруды демократияландыру мақсатында «Білім беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне өзін-өзі басқаратын автономды мемлекеттік жоғары оқу орны мәртебесі беріліп және ол бұдан былай Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті деп аталсын.

2. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетіне:

— Университеттің құрылымы мен штатын, профессор-оқытушы құрамы мен қызметкерлер санын, олардың еңбегіне ақы төлеудің шарттарын,

— мамандар даярлаудың жаңа бағыттарын, студенттер, стажерлер, аспиранттар және докторанттар қабылдаудың жоспарлары мен тәртібін анықтау, сондай-ақ оларды оқыту мерзімдері мен мөлшерін дербес белгілеу;

— Университетте оқытылатын барлық мамандық бойынша оқу жоспарларын, бағдарламаларды және басқа оқу-әдістемелік құжаттарды университеттің Ғылыми кеңесінде бекіту;

Қазақстан Республикасы ЖАҚ рүқсат етімімен Ғылыми кеңесте университеттің оқытушыларына ғылыми атак беру жөнінде түпкілікті шешім қабылдап, тиісті аттестат тапсыру және ҚазМУ-дың мамандандырылған Кеңестерінде диссертациялар қорғау нәтижесі бойынша ғылыми дәреже беру;

— шет ел ұйымдарымен төте шарттар мен контракттар жасасу, ынтымақтастықтың экономикалық шарттарын, оның ішінде уағдаластық бағаларды анықтау, бірлескен шағын кәсіпорындар, уақытша ғалым мамандар ұжымдарын құру, халықаралық бірлестіктердің, ұйымдардың қызметіне қатысу, шетелдің ЭЕМ желілерімен және банктерімен байланыс орнату хұқығы берілсін.

Университетке оқу жұмысына сәйкес Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына қайшы келмейтін басқа да мәселелерді шешу хұқығы берілсін.

3. ҚазМУ-дың толық шаруашылық қарауына барлық пәгізгі қорлар (үйлер, ғимараттар, ағаш өсіп тұрған жер учаскелері, оқу-лаборатория қор-

пустары, жатақханалар мен тұрғын үйлер, спорт-сауықтыру кешені, оқу-ғылыми жабдықтар, есептеу техникасы, көлік, байланыс құралдары және басқа қорлар) мен айналым қаржылары берілсін, оларды бұдан былай тек университет қана толық меменеді, пайдаланады және иелік жасайды.

4. Университеттің ғылыми-зерттеу және оқу процесін ұйымдастыру деңгейін көтеріп, ғылыми-лаборатория базасын нығайту үшін Министрлер Кабинеті 1993—1995 жылдары университетке жабдықтар мен ғылыми приборлар сатып алуына еркін айналымдағы валютада қажетті мөлшерде қаржы бөлінуін көздейтін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚазМУ-дың оқу-материалдық базасын нығайту туралы арнайы қаулы қабылдасын, онда Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің екінші кезегін салуды жеделдету көзделсін.

6. Университет оқытушылар мен қызметкерлерді, оның ішінде шет елдердің мамандары мен ғалымдарын жұмысқа жалдаудың конкурс-контракт жүйесін енгізісін. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігімен бірлесіп, қызметкерлермен оның ішінде профессор-оқытушы құраммен контракт жасау және бұл жүйені университеттің бөлімшелеріне жұмысының ерекшеліктері мен өзгешеліктерін ескере отырып енгізу тәртібін әзірлейтін болсын.

7. Қаржы министрлігі, республикалық «Контракт» корпорациясы 1993 жылдан бастап университетті жеке нормативтер жөніндегі бюджет қаржысы есебінен жеке бөліп мақсатты қаржыландыруды және орталықтандырып материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырсын.

8. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің Қамқоршылар кеңесін құру туралы ұсыныс қабылданып.

Университет бір айлық мерзімде Қамқоршылар кеңесі туралы ережені әзірлеп, Министрлер Кабинетіне табыс етсін.

9. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің ректорын Қазақстан Республикасының Президенті университет Кеңесі ұсынаған кандидатуралар арасынан бекітеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті **Н. НАЗАРБАЕВ**

Алматы, 1993 жылғы 9 қаңтар.  
№ 1059

## ОҚЫРМАНҒА АРНАУ

«Қазақ университеті». Дәл осылай деп аталып, студент жастардың үні болып шығып тұрған газет осыдан жеті жыл бұрын жабылған болатын. Алайда ол көз алдымыздан кетсе де, көңілден кетпегені анық еді. Біз бүгін қайта жанданған осы газетті оқырмандарға таныстыру мақсатында оның тарихының беттерін парақтағанды жөн көріп отырмыз.

1948 жылғы көкек айының 20-шы жұлдызында тұсауы кесіліп, қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің парткомының, ректоратының, комсомол, жергілікті және кәсіподағы комитеттерінің органы болып дүниеге келген бұл газет алғашында «За отличную учебу» деп аталып, қазақ және орыс тілдерінде шығып тұрды. Оның тұңғыш редакторы белгілі фельетонист Сейділді Төлешев болды.

Алғашқы жылдары университет өмірі мен оқу процесі, ондағы кемшіліктер мен жетістіктер газеттің негізгі тақырыптарының бірі болып, оларға аса мән берілген. Сын мен өзара сынға да кең орын беріліп отырған. Уақыт өте газет тақырыбы да кеңейе түскен. «Сіздерге сөз беріледі, болашақ ұстаздар», «Сатира және юмор», «Спорттық хроника», «Университетте», «Әдебиет беті», «Шетелдегі студент жаңа-

лықтары», «Өмірге, өндіріске жақынырақ», 1959—1967 жылдар аралығында «Тың игерушілерге көмек», одан бөртінде «Медициналық бұрыш» сияқты айдарлармен үзбей материалдар жарияланып тұрды. Өзімізге белгілі Мырзатай Серғалиев, Нұрмахан Оразбеков, Анатолий Еремін, Сәбит Досанов, Бахтажар Мекішев, Жанғара Дәдебаев, Алтынбек Сәрсенбаев, Кәдірбек Сегізбаев, Қайнар Олжай, Бақыт Досымов сынды қаламгер-журналистер кезінде түрлі тақырыпта қалам тербеп, газеттің тұрақты тілшілері болған. Дүкенбай Досжанов, Серікбай Еспанов, Улықбек Есдәулетов сияқты белгілі қаламгерлер де бір кездері «Қазақ университеті» газетіндегі «Әдебиет бетінің» белсенді авторлары еді.

Газет тек университеттің ішкі өмірімен ғана шектеліп қалған жоқ, ол тіл, заң, журналистика, география, химия, өндіріс, өнеркәсіп салаларын да қамтып отырды. Әсіресе, тың игеру кезінде өнеркәсіп тақырыбына баса мән берілді. Мәселен, газеттің 1961 жылғы 14 ақпандағы саны толығымен «Тың — біздің екінші мектебіміз» айдарымен тың игерушілерге, арналды. Сол жылдың 18-көкегінде газет бетінде Сәбит Мұқановтың «Жастар — тыңға» атты мақаласы жарияланды.

Әсемдік әлемі жөнінде үнемі қалам тербеп отырған Бахтажар Мекішев 1959 жылдан бастап газет жабылған 1987 жылға дейін ең белсенді авторларының бірі болды. Оның «Мәдениет кішкентайдан басталады», «Венера Милосская», «Давид Микеланджело», «Өнерге ғашық болғандар» сияқты т.б. мақалалары оқырман ойынан шыққаны даусыз.

Әрине, жаза берсек, мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болар еді. Әйткенмен, біздің басғы мақсатымыз жоғарыда айтқанымыздай, газеттің өткеніне көз жүгірту ғана болатын.

«Қазақ университеті» 1987 жылы атышулы Желтоқсан оқиғасынан соң солақай саясаттың кері әсерімен интернационалдық тәрбие дүрыс жүргізілмеді деп айып тағылып, жабылып тасталды. Ал газет өмір сүрген 39 жыл ішінде оған әр кездері он жеті адам редакторлық жасады. Олардың арасында Халижан Бекхожин, Тауман Аманжол, Юрий Крикунов, Тұтқабай Иманбеков, Әбілғайыз Ыдырысов, Дандай Ысқақов сияқты қаламгер-ұстаздар да болды. Жеті жыл. Бәлкім, бұл да бір жақсылықтың нышаны шығар...

«Қазақ университеті» газетінің бағдарламалық мақсаты мен міндеттеріне университет ұжымын ішкі және сыртқы жана-

лықтармен таныстыру, оқу-тәрбиелік және ғылыми жұмыстардың жетілуіне, олардың ықпалдылығының өсуіне көмектесу, студенттер арасында идеялық-тәрбиелік жұмыстар жүргізу, ұжымға ректорат шешімдерін дер кезінде жеткізу, жас қаламгер-студенттер шығармашылығының жетілуіне ықпал ету, оқытушыларды оқытудың жаңа түрлерімен және әдістерімен таныстыру, жарнама-ақпараттық қызмет көрсету жұмыстары кірмек.

Сөзден сыр, ойдан маржан теру қайсібір журналистен болсын терең білімімен қоса, шеберлікті, дарындылықты, тәжірибелілікті талап етері хақ. Өйткені, газет сөзі — көпшіліктің үні. Ал сөз — күдіретті қару. «Айтылған сөз — атылған оқ», — дейді халық. Олай болса, біздің газетке артылар жауапкершілік пен сенім де орасап болмақ.

Газет оқырмансыз боямақ емес. Ал шынайы оқырманы бар газет қашанда өміршен. Өйткені, оның жанашыры да, саралар сарапшысы да, қисығын түзеп, түзуін ұштай түсетін ұстасы да оқырман. Демек, «Қазақ университетінің» қандай болмағы да өздеріңізге байланысты дейміз, құрметті оқырман. Бірлесе жұмыс жасап, бір-біріміздің сенімімізден шыға білейік. Ендеше, іске сәт!

**ҚАЗАҚ ОҚУ ОРДАСЫНЫҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ-ТІК ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНЕ БИЫЛ 60 ЖЫЛ ТОЛДЫ. БЕДЕЛІ МЕН МЕРЕЙІ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ СОҢҒЫ БІР ЖАҢАЛЫҚ— УНИВЕРСИТЕТ ӨЗ КОНЦЕПЦИЯСЫН ҚАБЫЛДАУ ҮСТІНДЕ. БІЗ ОСЫҒАН ОРАЙ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТТІҢ І-ші ПРОРЕКТОРЫ, ПРОФЕССОР ҚАЛИМОЛЛА ХАЛЫҚОВПЕН Әңгімелескен едік.**

**Сұрақ:** — Қалимолла Халықұлы, 60 деген аз жыл емес, бір ғұмыр ғой. Елу жылда ел жаңа деген де сөз бар. Жаңарып та, жасарып та жатқан тұңғыш университетіміздің бүгінгі хал-ахуалы қалай? Біреу білер, біреу білмес дегендей, әңгімемізді осы тұстан бастасак...

**Қалимолла ХАЛЫҚҰЛЫ:** — Университетке халыққа білім беру министрлігінен бөлініп, өзін-өзі басқаратын Ұлттық университет мәртебесінің берілуі (1993 жылдың 9 қаңтары) үлкен қуаныш, есте қалар сәт. Өйткені бүгінгі қызылшаң кезең — татқан-тытатынсыз, тартқан-болымсыз дүние осыған мәжбүр етті ғой. Қазақ жоғары оқу орнының қара шаңырағын тек осы жолмен ғана сақтап қалуға болатын еді.

Университеттің 13 күндізгі және 6 сырттай-кешкі бөлімдерінде 14 мыңнан аса студент оқиды. Оларға 1,5 мыңнан аса ұстаздар дәріс береді. Олардың 800-дені ғылым кандидаттары болса, 120-сы ғылым докторлары. Бір ғана заң факультетінің өзінде 12 доктор юрист, 49 заң ғылымының кандидаты бар. Бұл үлкен күш емес пе.

— Университетті «Ұлттық» деп атаудың мәнісі неде?

Ұлттық Ғылым академиясы, Ұлттық кітапхана, енді Ұлттық университет! Хош делік. Ал келбір қоздырғыштар осы бір атауға аш кенеше жабысып, өздеріне оңтайлы пайдаланып жүр. Сіз осының қай жағындасыз?

— Біздің кейбіріміз осы «Ұлттық» деген сөзден ат-тоңымызды ала қашамыз. Ер—тоқымын бауырына алып, әлі де тулап, дұрдараз болып жүргендер де жоқ емес. Неге? Өйткені олар «Ұлттық» деген сөз, яғни, тек қазақ баласын ғана оқытады деп қате түсінеді. Біздің Ата заңымызда да «Қазақстан — ұлттық мемлекет» деп жазылған. Демек, елге, қазақ халқына ең керекті мамандарды дайындап шығарамыз. Бұл ретте басқа жоғары оқу орындарымен байланысымызды одан әрі тереңдеті де береміз. Білім министрлігімен бұрын қалай ақылдасып, «жеті рет өлшен, бір рет кес» деп келдік десек, қазір де солаймыз, бірлесіп шешетін мәселе көп.

— Университеттегі оқу жүйесінің концепциясын қабылдау бұрыннан толғағы жеткен, әбден пісіп-жетілген мәселелерді қамти отырып жүргізілгендігі жөнінде хабардармыз. Ол, әрине, бірден өмірге келген жоқ. Қазір білім алуға деген құштарлық күрт төмендеп барады. Бұрынғы жүйенің ескіргендігін осыдан-ақ байқауға болар. Демек, біз қалай болғанда да жаңа жолдар, бағыттар іздеуіміз керек емес пе?...

— Әлбетте. Сонымен бірге қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты педагогикалық, экономикалық, техникалық жоғары оқу орындарына университет дәрежесі берілді. Салалық, жеке, коммерциялық оқу орындары ашылып жатыр. Осының барлығы айналып келгенде нағыз білім беретін оқу ордаларының бағасын түсіру мүмкін. «Университеттік білім» деген түсінікке, оны құрметтеуге нұқсан келтіруі де жапа емес. Сондықтан «университеттік білім», оған қойылатын талап деңгейін анықтап алуымыз қажет.

Университеттің даму тарихын әңгімелеп жату бұл жерде артық та болар. Бірақ университет түсінігінің өзі оның тар шеңбердегі мамандар даярдамайтынын айғақтайды. Европалық тұңғыш В.Фон Гумбольд университетінде, айталық, екі—дін ілім және медицина факультеттері ғана болған. Яғни, олар адамды, оның ішкі дүниесін жан-жақты танып-білуді мақсат тұтқан. В.Фон Гумбольд негізін салған университеттік білім беру жүйесі осы күнге дейін маңызын жойған емес.

— Дегенмен, университет тұжырымдамасының ерекшелігі қандай? Қазір басқа жоғары оқу орындары да осындай тұжырымдама қабылдау үстінде емес пе?

— Халықаралық байланыстардың

дамуы экологияны, ғарышты, планетаның табиғат байлықтарын ұтымды пайдалану мен оны сақип үйренудің тиімді жолдарын қарастыру білім беру саласына айрықша міндет жүктеп

## Тамыры терең, талғамы биік шаңырақ

отыр. Бұл үшін, әрине, дүние жүзінің дамыған елдерімен, олардың білім беру жүйесімен жетік түрде танысу болу қажет.

Маман кадрларды жан-жақты, ұтқыр, кәсіби жағынан терең білімді егін дайындау үшін оған да арнайы бағдарлама керек. Ертең немесе арғы күні тұйыққа тірелмейміз бе, міне, осының барлығы да әлгі айтқан бағдарламада түпкілікті негізделуі қажет. Осындай жағдайларға байланысты біз маман кадрларымыздың көп қырлы дағдыдан өту принципін ұстанып, сол бойынша ойға алған іс-шараларды әрі қарай жүргізбекпіміз. Бұл өмір сүріп отырған қоғамымызға да (бізге де) аса ұтымды. Жарты немесе бір жылдың ішінде біздің ең керекті деген мамандарды дайындап шығаруға күш-қабілетіміз жетеді. Әрине, олардың әрі қарай білімін тереңдетуі бірнеше кезеңдерден өтеді. Біздің ойымызша, ол үш сатылы оқу жүйесіне негізделген:

Бірінші саты — бакалаврлық (4,0-4,5 жыл).

Екінші саты — магистрлық (2,0-2,5 жыл).

Үшінші саты — докторлық (2,0-3,0 жыл).

Бірінші — бакалаврлық білім берудің мерзімі 4 жыл десек. Мұны бітірген жастар тарихшы болса да, экономист бола ма, ауыл шаруашылығына немесе кәсіпорындарға бара ма өздері біледі.

Ал екінші кезек — магистрлық дәреже беру. Оған ғылыммен шұғылданып талантты жастар қабылданады. Олар өз мамандығы бойынша және шет тілінен қажетті рейтинг 70 процентін жинауы тиіс. Сондай-ақ кафедрасының кепілдігі болуы қажет. Біз магистратураға басқа жоғары оқу орнын бітіргендерді де қабылдаймыз. Ал, магистрлық диссертация қорғау үшін «Вестник ҚазМУ-да» кемінде бір (бұл міндетті түрде) мақаласы жария көруі қатты қадағаланады.

Осы жерде енді университет концепциясының ерекшелігін айта кетуге болады. Рас, қазір педагогикалық, инженерлік университеттер де өз концепцияларын қабылдау үстінде. Біздің концепциямыздың айырмашылығы — классикалық типтегі концепция болып есептеледі. Біз сондай-ақ жұмысқа контрактпен де қабылдай береміз. Бұл басқа жоғары оқу орындарының тәжірибесінде жоқ. Бұрындары еңбек шарты деген болған, әрине. Бірақ, шарт пен контракттың айырмашылығы аспан мен жердей. Бұрын біздің мақсат әйтеуір оқыту болатын. Ал, қазір білім аламы деген адамға білім берсек дейміз... Жас күштердің ынтасын, құштарлығын жолдан өткен әрбір азамат өзінің ерік-жігерімен еркін сөйлейтін, жаңаны жасауға-қабілетті, қоғамның негізгі даму күштерінде отыруға лайық маман болып шығады. Демек, университет ұғымы, университет ілімі-ғылымының, өндірістің әр саласын іліп шалмайды, қайта жас өскінді осы бағыттағы түпкілікті дайындықтан өткізеді, соның қайнар көзі болып саналады.

Университеттегі оқу жүйесінің басқа жоғары оқу орындарынан айырмашылығы мына төмендегі принциптер бойынша жүргізіледі:

а) Білім берудің жан-жақтылығы; б) Білім берудің мамандылығы; в) Білім берудің қоғамдылығы; г) Білім берудің ізгіліктілігі; д) Оқытудың (даралық) өзгешелігі қадағаланып отырады.

— Әрбір тәрбиелі отбасы өз баласының жақсы болғанын, өсе келе жүйелі білім алғанын қалайды. «Өмір өзгерді, өмір сүруді де жаңаша қарап, қайтадан құруымыз керек» дейтінді шығарып алдық. Расында солай ма? Оқу орындары бұрын сонда лайықты тәрбие орны болмап па еді?

— Жоқ, олай десек қателесеміз. Бүгінгі іскерлік таптығып, Қазақ елінің абыройын аспандатып жүрген қыз-жігіттердің барлығы да осы біз-

Шет елдерде тілшілер тірегін ашуға біздің де шамамыз келетін уақыт туар. Енді екі-үш жылда біздің алғашқы қарлығаштарымыз да ұшып шығады. Олардың тәуелсіздік хабаршылары болып жетегінінде дау-жоқ...

— Қалимолла Халықұлы, осындай келелі істеріңізге қаржы қысқан мына қытымыр заман қолбайлау болып, ерелі аттай тапырлатып қоймай ма? Оқытушылардың жалақысы, стипендия мөлшері қандай болады?

— Қазір біздің студенттеріміз 450 теңге көлемінде стипендия алады. Мұның неге жетіп, неге жетпейтінін айтудың өзі ұят. Мұны бірақ әлеуметтік көмек деп ұғыну керек. Келешекте біздің әрбір студентімізге осындай әлеуметтік көмек берілетін болады. Оның көлемі ең төменгі жалақыдан әсте кем болмайды. Ал стипендияны зеректік танытқан, білімге, ғылымға шындап ден қойған қыз-жігіттерімізге тағайындаймыз. Бұл жерде олардың ғылыми конференцияларға, олимпиадаларға, қатысуы, ғылыми жарияланымдар әзірлеуі жан-жақты ескерілетін болады. Сонымен бірге біз мұндай студенттерімізді саяжайларға, емдеу-сауықтыру орындарына, спорттық дем алу кешендеріне тегін жолдамамен жіберуге мүмкіндігіміз бар. Бірден барлығын жарылқап тастаймыз, демесек те, оқытушыларымыздың да жағдайларын осы концепцияда жан-жақты қарадық. Яғни, олар ең төменгі жалақыдан бірнеше есе көп алуы керек. Сонымен бірге, өз қаржы табуын басқа да көздерін іздестіріп жатырмыз. Болашақта біздің үкіметіміз оқимын деген азаматқа несие (кредит) беретін болса, ұстаздар қауымы мұны қуана қарсы аламын деп еді. Жыл сайын қаншама талапкердің жігері күм болып, тіптен үйінен аттап шығуға қаражаты болмай жатады. Қандай өкінішті. Үкімет қаржысымен оқыған бала ол қамқорлықты қалай болғанда да сезініп, әрдайым жауапкершілік үстінде жүреді ғой. Ал кейін, мамандық алып, жұмыс істеген кезде сол бала баяғы қаржы — қамқорлықты процентімен өтеген болар еді.

— Қалимолла Халықұлы, міне, тағы бір үлкен дүбір, кезекті білім сайысы — университетке талантты жастарды қабылдау болып өтті. Әр жылдың өз жемісі, үмітті, күтімі болады дегендей, биылғы қабылдаудың қандай ерекшеліктері болды?

— Өзі студенттің өсінде екі нәрсе айрықша қалады ғой. Кім болса да оқуға қабылданған күні мен бітірген күні ұмытуы мүмкін емес.

— Студенттік жылдарды ше?

— О-о, ол бір таңға таусылмас қанжар емес пе?.. Ойлап қарағанда, өзінде айтқан 450 теңге стипендия олардың қай жағына жетеді. Сонда да аштан қаттық, көштен қалдық деп жүрген бірін көрмейсіз...

Сонымен әңгімеміз талапкерлер қабылдау туралы болды ғой.

— Иә, иә...

— Мыңнан сұрақтар дайындалды. Айталық, филология факультетінің сұрақтары сол мамандық бойынша (яғни, қазақ тілі мен әдебиетінен) 53 проценттік деңгейде болды. Қалған сұрақтары басқа пәндерден келеді. Оны компьютер өзі біледі. Ал, журналистика факультеті үшін мамандық бойынша 25 проценттік деңгейді белгіледік. Өйткені, журналист мамандығының өзі жан-жақтылықты талап етеді ғой. Басқа факультеттерге де осындай талап қойылды. Ендігі мәселе қабылдау комиссиясының құрамына кімдер кіреді, емтихан қалай алынады? Ол туралы да арнайы ереже қабылдадық. Қысқасы, біздің ендігі мақсатымыз — білімді жастарымызға жағдай жасау, солай болса ғана ғылым-біліміміздің бүгінгі деңгейін сақтап қала аламыз...

Біздің әңгімеміз осылай аяқталған. Үлкен жүректі ұстаздың айтары да аңғартары да көп екен. Баланың кәдірін балалы болғанда білесің демекші, іргесі берік, тамыры терең, талғамы биік қара шаңырақ-университетіміздің кәдір-қасиетін дербес мемлекет болған кәзімізде біле жүрсек, абыройын асқақтата жүрсек, қанеки.

# Коллективный договор

ОБЩИЕ ПРИНЦИПЫ ОТНОШЕНИЯ СТОРОН

Коллективный договор служит средством согласования интересов сторон и заключается на основе действующего законодательства и предусматривает, с одной стороны, обязательства администрации по решению трудовых и социально-экономических вопросов коллектива, с другой стороны — обязательства трудового коллектива.

Профсоюзный комитет работников осуществляет общественный контроль за соблюдением прав и законных интересов членов трудового коллектива.

**Стороны коллективного договора**  
Сторонами коллективного договора выступают администрация в лице ректора **Нарибаева Купжасара Нармбаевича** и трудовой коллектив в лице председателя профкома сотрудников **Ахметовой Ляйли Сейсембековны**.

**Действие коллективного договора**  
Коллективный договор вступает в силу с момента его подписания и действует до **15 апреля 1995 г.**

## Обязательства сторон

### 1. Администрация обязуется:

1.1. Предоставить профсоюзному комитету в бесплатное пользование помещения, транспортные средства, средства связи, печатный орган (одну полосу газеты «Казак университета»), подписные издания не менее 5 наименований, канцелярские товары.

1.2. Производить сбор профсоюзных взносов путем безналичного удержания из заработной платы работников, согласно поданного заявления на работу. Отказ от уплаты членских взносов оговаривается в установленном порядке.

1.3. Предоставлять возможность профсоюзному комитету осуществлять общественный контроль в пределах, предоставленных законодательством прав.

1.4. Совместно или по согласованию с профсоюзным комитетом принимать решения по следующим вопросам:

- приказы по вопросам морального поощрения;
- предоставления жилья;
- принятия всех актов, регулирующих вопросы охраны и условий труда;
- установления правил внутреннего трудового распорядка и поддержания его;
- установления и пересмотра форм, систем и размеров оплаты труда;
- установления графика предоставления отпусков, перечней работ, дающих право на дополнительный отпуск, сокращенный рабочий день, бесплатное получение спецодежды и спецпитания;
- иные решения, затрагивающие интересы трудящихся.

1.5. Обеспечить профкому в лице уполномоченных представителей право доступа к информации, имеющей отношение к социально-экономическим вопросам, вызывающим споры.

1.6. Сохранить средний заработок по основному месту работы членам профсоюза для участия в качестве делегатов на съездах, конференциях, пленумах, а также во время профсоюзной учебы.

1.7. Членам выборного профсоюзного органа, не освобожденным от основной работы (члены профкома и комиссии, председатели профбюро подразделений, члены ревизионной комиссии) председатели профбюро подразделений, члены ревизионной комиссии) для выполнения общественных обязанностей в интересах коллективов предоставлять по мере необходимости в течение рабочего времени не более 5 часов в неделю с сохранением среднего заработка.

### 2. Условия оплаты и нормирование труда работников

2.1. Производить оплату труда всех категорий сотрудников университета в рамках действующих нормативных актов и единого фонда оплаты труда. Тарифные ставки, тарифные коэффициенты и должностные оклады работающих устанавливаются в соответствии с рекомендациями по применению «Единой тарифной сетки рабочих и служащих народного хозяйства» и тарифными соглашениями между администрацией и профсоюзной организацией.

2.2. Оплачивать профессорско-преподавательскому составу (ППС) и научным сотрудникам за дополнительную выполненную педагогическую нагрузку, не предусмотренную индивидуальным педагогическим планом за каждый семестр, согласно существующему в университете положению.

2.3. Предусмотреть увеличение заработной платы ППС и УВП за счет поступления студентов на коммерческой основе на тех факультетах и курсах, где они проводят учебные занятия, согласно утвержденному положению.

2.4. Установить материальное вознаграждение за выполнение обязанностей общественного кассира, либо предусмотреть возможность выдачи заработной платы сотрудникам университета в каждом корпусе.

2.5. Своевременно выдавать аванс и заработную плату, отпускные до отпуска, а также пособие на детей.

2.6. Выдавать расчетную ведомость о заработной плате в каждое подразделение университета.

2.7. Создать условия для дальнейшего внедрения и повышения эффективности бригадной формы организации и стимулирования труда.

2.8. Предоставлять надбавки (12—14 процентов от должностного оклада), льготы и гарантии за работу во вредных и особо вредных условиях труда строго в соответствии с законодательством о труде, соглашением по охране труда.

2.9. Устанавливаются доплаты и надбавки компенсационного характера.

2.9.1. за работу в выходные и праздничные дни предоставление другого дня отдыха (по согласованию сторон возможно — оплата в двойном размере);

2.9.2. за совмещение профессий (должностей), расширение зоны обслуживания при наличии вакантных должностей и экспедиции фонда оплаты труда без ограничения.

2.10. Ежегодный трудовой оплачиваемый отпуск предоставляется в соответствии с утвержденным графиком.

2.11. Изменение времени использования отпуска, установленного графиком, разделение его на части, а также отзыв работника из отпуска, с последующим предоставлением неиспользованных дней возможно только по взаимной договоренности между администрацией и работником.

2.12. Предоставлять дополнительные оплачиваемые отпуска на усмотрение администрации по неотложным обстоятельствам до 3-х дней (по предоставлению соответствующих документов) в случаях:

- смерти или тяжелой болезни членов семьи;
- при заключении брака;
- при рождении ребенка.

2.13. При наличии фонда материального поощрения оказывать разовую материальную помощь родителям, находящимся в отпуске по уходу за ребенком до 3-х лет.

2.14. При увольнении работников в связи с сокращением численности (штата), кроме предусмотренных законодательством гарантий, администрация предоставляет дополнительные льготы:

2.14.1. Предлагает увольняемому работнику любую, имеющуюся в КазГУ работу, в том числе более низкой квалификации.

2.14.2. Предоставляет увольняемому работнику свободное от работы время не более 3-х часов в неделю в течение 2-х месяцев для самостоятельного трудоустройства с сохранением среднего заработка.

### 3. Организация труда

3.1. Организовать транспортное сообщение для оперативной связи между корпусами два раза в день.

3.2. В связи с вредными условиями труда предусмотреть возможность оборудования комнат отдыха для психологической разгрузки на факультетах.

3.3. Обеспечить пропускную систему входа:

- на химическом факультете;
- в здании ректората.

3.4. Запретить курить в общественных местах и отвести место для курения в каждом корпусе университета.

### 4. Социальное развитие

4.1. При сдаче в аренду сторонним организациям помещений КазГУ предусмотреть обязательное участие этих организаций в решении социальных и хозяйственных проблем университета.

4.2. Предусмотреть выделение средств для поздравления юбиляров по возрасту (каждые 5 лет начиная с 50-ти лет).

### 5. По охране труда и технике безопасности

5.1. Снабдить противопожарными средствами все подразделения университета.

5.2. Обеспечить все ПЭВМ защитными стеклянными экранами.

5.3. Поддерживать нормальный температурный режим в зимний период, освещенность, вентиляцию и кондиционирование в зданиях учебных и лабораторных корпусов.

5.4. Замену спецодежды, спецобуви, защитных средств производить в установленные нормативными документами сроки. В случае преждевременного износа или повреждения не по вине работающего, заменить досрочно.

5.5. Осуществлять контроль за состоянием подъездных путей и пешеходных дорожек на территории КазГУ, лестниц и перил в учебных и лабораторных корпусах.

5.6. Изучить возможность страхования от несчастных случаев и профзаболеваний работников, связанных с опасными и вредными условиями труда (ст. 20 Закона об охране труда РК).

5.7. Подразделения с вредными и опасными условиями труда снабдить наглядной агитацией и плакатами по технике безопасности.

### 6. Совместные действия администрации и профкома работников

6.1. Создать согласительную комиссию для рассмотрения споров о нарушении коллективного договора.

6.2. Разработать и ввести в действие:

- положение о фонде материального поощрения и социальной защиты;
- положение «Ветеран КазГУ».

6.3. Осуществить контроль за своевременной выплатой заработной платы, пособий на детей, материальной помощи.

6.4. Обеспечивать учет, регистрацию и оформление документов, предоставляемого работникам жилья, обеспечивать распределение освобожденной и вновь вводимой жилой площади.

6.5. Организовать работу Дворца культуры после завершения его строительства.

6.6. Разработать план общественных мероприятий на период действия коллективного договора.

6.7. На льготных условиях или бесплатно предоставлять путевки на лечение и отдых в пределах выделенных средств соцстраха.

6.8. Пересмотреть статус санатория-профилактория КазГУ и спортивно-оздоровительного лагеря на оз. Иссык-Куль, спортивного клуба КазГУ.

6.9. Оплачивать частичную стоимость путевок в санаторий-профилакторий КазГУ, школьный лагерь КазГУ, спортивно-оздоровительный лагерь на оз. Иссык-Куль работникам университета и членам их семей.

6.10. В целях улучшения лечебно-профилактического и бытового обслуживания сотрудников по месту работы — обеспечить постоянную удовлетворительную работу буфетов на факультетах, оплачивать 90 процентов стоимости путевок на диетическое питание нуждающимся сотрудникам за счет средств соцстраха.

6.11. Предусмотреть возможность выделения средств на строительство корпуса в школьном лагере «Восток-3» на 250—300 мест для использования его в качестве дома отдыха.

6.12. Администрация и профбюро подразделений университета самостоятельно утверждают график с АХЧ по текущим ремонтным работам.

6.13. Заключить договор с пригородным хозяйством для обеспечения сотрудников университета сельскохозяйственной продукцией.

### 7. Профсоюзный комитет сотрудников обязуется:

7.1. Принимать воспитательные меры воздействия на выполнение членами трудового коллектива правил внутреннего трудового распорядка и обеспечению трудовой дисциплины, повышению творческой активности и эффективности труда.

7.2. Участвовать в воспитательной работе среди членов коллектива в духе патриотизма, межнационального согласия и соблюдения законов и уважения правил человеческого общежития.

7.3. Информировать администрацию заранее о массовых мероприятиях, проводимых профсоюзом в трудовом коллективе, о целях и задачах этих мероприятий.

7.4. Проводить организованные профкомом мероприятия без ущерба производственному и учебному процессам.

7.5. Обеспечить сохранность и использование по назначению помещений и сооружений для проведения культурно-массовых, просветительных и спортивно-оздоровительных мероприятий, транспортных средств и другого имущества, предоставленного профкому, и нести материальную ответственность.

7.6. Контролировать состояние условий труда.

7.7. Участвовать в расследовании несчастных случаев с работниками.

7.8. Рассматривать заявления членов трудового коллектива на создание дополнительных улучшений условий труда.

7.9. Участвовать в комиссии по рассмотрению возмещения работнику ущерба по потере трудоспособности вследствие полученной учащимся травмы.

7.10. Для обеспечения здоровых и безопасных условий труда, согласно действующего законодательства, периодически 1 раз в полугодие проводить анализ заболеваемости и травматизма и информировать трудовой коллектив о состоянии охраны труда, о наличии индивидуальных защитных средств, о льготах и компенсациях, положенных для сотрудников, занятых на вредных и опасных для здоровья работах.

7.11. При возникновении конфликтных ситуаций принимать участие в осуществлении контроля за показателями коэффициента трудового участия при бригадной форме оплаты труда.

7.12. При однократном грубом или систематическом нарушении работником норм действующего законодательства Республики Казахстан рассматривать предложение администрации об увольнении работника и принимать решение в соответствии с КЗоТ.

7.13. Участвовать в приемке и эксплуатации помещений, аудиториях, лабораторий, учебных полигонов.

### 8. Контроль за заключением и исполнением коллективного договора

8.1. В соответствии со ст. 4 Закона о коллективных договорах контроль за исполнением коллективного договора осуществляет тарифная комиссия.

Комиссия создается сторонами на равноправной основе из представителей администрации (назначается ее приказом) и профкома (решением профсоюзного комитета) с привлечением экспертов (экономистов, юристов и т. д.).

8.2. Раз в полгода администрация и профком отчитываются перед членами трудового коллектива о выполнении обязательств.

8.3. По требованию комиссии стороны обязаны в 3-дневный срок предоставить всю необходимую информацию.

8.4. В случае установления тарифной комиссией фактов неисполнения одной стороной взятых обязательств, другая сторона вправе принять более строгие меры воздействия в рамках предусмотренных законодательством прав вплоть до крайних мер разрешения возникшего конфликта.

Настоящий договор составлен в 2-х экземплярах (для администрации и профкома) и имеет одинаковую юридическую силу.

# КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

## Объявляет конкурс

На замещение должностей профессорско-преподавательского состава с последующим заключением контракта.

**ЗАВЕДУЮЩИХ КАФЕДР:** ирано-турецкой филологии, оптики и физики плазмы, истории и палеонтологии И.К. (д.н., профессор), философии и культурологии И.К. (д.н., профессор), экологии и социологии И.К., арабской филологии, истории стран Азии и Африки, археологии и этнографии, общей лингвистики и англо-американской лингвистики и горения, русской филологии, филологии и лингвистики ирано-турецкой ирано-турецкой филологии, оптики и физики ядерной физики.

**ПРОФЕССОРОВ КАФЕДР:** геологии — 2, геоэкологии, неорганической химии, экономической теории сплошной среды.

**ДОЦЕНТОВ КАФЕДР:** теории государства и права, русского и казахского языков подготовительного факультета для иностранных граждан — 2, зоологии и ихтиологии, экологии и почвоведения, полигологии — 2, биофизики и биохимии — 2, этнопсихологии и этнопедagogики, общего языкознания — 2, химии высокомолекулярных соединений — 2, культурологии, физиологии и биохимии растений — 2, истории и политологии ИПК — 2, философии и культурологии ИПК, — 2, экономики и социологии ИПК, спец. кафедры иностранных языков для международных отделений, педагогики — 2, ботаники, гистологии и цитологии и гидрологии суши, новой и новейшей истории Казахстана, источниковедения и архивоведения, общеобразовательных дисциплин, физической химии и электрохимии, неорганической химии, химии редких элементов, химической кинетики и горения, физики твердого тела — 2, русской и зарубежной литературы, — 3, русской филологии — 2, русской лингводидактики и литературного перевода, казахской филологии — 2, уголовного права, философии и методологии социального познания, истории казахской и зарубежной философии — 3, макро и микроэкономики, экономической теории — 2, дифференциальных уравнений — 2, вычислительной математики, механики сплошной среды, физики космоса и радиационной физики, теории управления.

**СТ. ПРЕПОДАВАТЕЛИ КАФЕДР:** теории и истории государства и права, журналистского мастерства и литературного редактирования, русского и казахского языков подготовительного факультета для иностранных граждан — 3, зоологии и ихтиологии, оптики и физики плазмы — 2, экологии и почвоведения, экономической теории — 3, новой и новейшей истории и международных отношений, административного права, этнопсихологии и этнопедagogики, физической географии, ядерной физики, метеорологии — 4, иностранных языков ест. факультетов — 3, казахской филологии — 4, макро и микроэкономики — 2, информатики и новых технологий обучения ИПК, иностранных языков гуманитарных факультетов — 2, физвоспитания и спорта — 4, новой истории Казахстана, истории древнего мира и средних веков — 2, археологии и этнографии, физики твердого тела, русского языка — 3, культурологии — 2, спец. кафедры иностранных языков для международных отделений, уголовного процесса, казахского языка, гражданской обороны, дифференциальных уравнений, истории казахской и зарубежной философии, математического анализа, теории управления, вычислительной математики — 2, кибернетики, прикладного анализа, русской лингводидактики и литературного перевода.

**АССИСТЕНТОВ КАФЕДР:** русского и казахского языков, общеобразовательных дисциплин (0,5 ст.), русской лингводидактики и литературного перевода, иностранных языков гум. факультетов (англ. яз. — 2, нем. яз. — 2), экономической теории, арабской филологии, трудового права и гражданского процесса — 2, международной журналистики, этнопсихологии и этнопедagogики, казахского языка — 2, оптики и физики плазмы, физического воспитания и спорта, ирано-турецкой филологии, казахской филологии — 2, гражданской обороны, археологии и этнографии, высшей математики.

Срок конкурса — месяц со дня публикации.

## ЖЫР ЖАУҚАЗЫНЫ

(Т. Айбергеновке)

Ауыздық үзген тұлпарлар сынды  
Көзің алдын шаң көмген —  
Көрдім мен сені, ей, қырдың ұлы,  
Алапат асау әндерден.

Алқара аспанда ақсұңқар сынды  
Қалықтауды сенен үйренгем.  
Көрдім мен сені, жауқазын жандым,  
Күңіренген күмбір күйлерден.

Құлазып қалдық сен кеткелі біз  
Оркестрдей боп бір үні көңіл.  
Көрдім мен сені, көркем көмейлім,  
Көлдердің нәзік дірілінен.

Көкірегімді тар дүние қысып,  
Тұншығып қалды қаншама арман?!  
Сезіндім сені, аяулым менің,  
Таулардан соққан ақ самалдардан.

Ұмсындың, жаным, омырауынды ашып,  
Бала қырандар ұмтылған жаққа.  
Мен сені көрдім, алтын айдарлым,  
Шұғынық гүлге шық тұнған шақта.

Жанымды тербеп ақ арай шұғыла,  
Кетпей қойды бір сынғыр құлақтан.  
Көрдім мен сені, беу күміс көмейлім,  
Жапырағы ұшқан бұлбұлды бақтан.

Қызыл шок шашып, көзімнен ұшқан  
Өз жасыныммен өзімді өртедім.  
Мен сені көрдім, бала жанарлым,  
Дүниеден мынау сезімдер толы...

РАХАТ ҚОСБАРМАҚОВ

# Қазақ филологиясы кафедрасына — 50 жыл

Ғылыми-әдістемелік орталық ретінде кафедраның алатын орны ерекше. Қазақ филологиясы кафедрасының ұжымы да жарты ғасырдан астам уақыттан бері өзіне жүктелген абыройлы да қиын міндетті садағайда орындап келе жатыр.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының іргетасын қалаушылардың бірі Т. Кенесбаевтың менгерушілігімен жеке отау тіккен кафедра 50 жыл ішінде мол тәжірибе жинақтады.

Қазақ тілі білімінің көп саласы бойынша жаңа бағдарлар құрастырылып, оқулықтар жазылды. Дәлірек айтқанда, қазіргі қазақ тілінің синтаксисі, қазақ тілінің тарихы, қазақ тілінің стилистикасы, қазақ тілінің мәдениеті, қазақ тілін оқыту әдістемесі тәрізді ғылыми курстар бойынша алғашқы оқулықтар осы кафедра ұстаздарының қатысуымен жарық көрді; даярлық бөлімі тыңдаушыларына арналған қазақ тілі оқулығы, орыс аудиторына арналған қазақ тілі оқулығы да тұңғыш рет кафедра ғалымдарының қаламынан туды. Сөйтіп, кафедра оқытушылары жоғары оқу орындарының 26 оқулығы мен оқу құралының, педучилищенің бір оқулығының, жалпы орта білім беретін мектептің 17 оқулығының жеке авторы немесе авторлары құрамында болды.

Сонымен бірге, қазақ филологиясы кафедрасы республикалық, республикааралық, одақтық ғылыми конференцияларға белсене қатынасып отырды. Әсіресе, Бүкілодақтық түркологиялық екінші (Алматы, 1976), үшінші (Ташкент, 1980), төртінші (Ашхабад, 1984), бесінші (Фрунзе, 1988) және Қазан (1992) конференцияларында кафедра ғалымдары баяндама жасап, секция жұмысын басқарды. Сондай-ақ баспасыз және тіл мәдениеті (1968), жоғары оқу орындары оқытушыларының конференцияларының (1963, 1964, 1988) өтілуіне кафедра бастамашы болды.

Кафедра ғалым-ұстаздарының Ғылыми, әдістемелік еңбектері барынша әр алуан: жалпы теориялық курс бойынша 8 бағдарлама, арнаулы курс бойынша 20 бағдарлама, 30-дан астам әдістемелік құрал, жинармалар астам монография, жүздеген ғылыми мақалалар жарық көрді.

Мұндай жемісті еңбек кафедра құрамының уақыт өткен сайын талантты жастармен толығып, тәжірибелі ұстаздардың тың, маңызды мәселелерді көтерген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде мүмкін болып отыр.

Кафедраны әр кезде профессор М. Балақаев, доценттер Ы. Маманов, Ж. Аралбаев, профессорлар Р. Әміров, М. Төманов сияқты белгілі ғалымдар басқарды; 1990 жылдан бері филология ғылымының докторы, профессор М. С. Серғалиев жетекшілік етеді.

Сонғы кездерде де аға ұрпақтың жағымды дәстүрі кафедрада жарасымды жалғасын табууда. Бұл күнде шағын ұжымда 16 оқытушы-ұстаз қызмет етеді; олардың төртеуі — ғылыми докторлары, профессорлар, тоғыз — ғылым кандидаттары, доценттер; ғылыми дәрежесі жоқ үш жас оқытушы диссертацияларын жазу үстінде. Үш оқытушы кейінгі екі-үш жылдың ішінде кандидаттық диссертацияларын қорғады; бір докторлық диссертация жақында қорғалды. Қазақ тілінің тарихи грамматикасынан (проф. М. Төманов), қазіргі қазақ әдеби тілінен (проф. М. Серғалиев, доценттер А. Айғабылов, О. Күлқенова) оқулық, фонетикадан оқу құралы (доц. С. Мырзабеков), қазақ етістігінен монография (доц. Ж. Түймебаев), орысша-қазақша сөздік (проф. М. Серғалиев) жарық көрді.

Кафедра жастарға білім беруде, ғылыми еңбек беруде үлгі көрсеткен аға буын ұстаздар мен шәкірттерін мақтан етеді. Олар: академиктер Т. Кенесбаев, Н. Сауранбаев, Ә. Қайдаров, Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшелері М. Балақаев, К. Аханов, Ш. Сарыбаев, К. Мұсаев, сондай-ақ 18 ғылым докторы, ондаған ғылым кандидаттары. Олардың ішінде төрт Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, екі Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты және бірнеше еңбек сіңірген ғылыми қайраткерлері бар.

Жүздеген ұстаздар мен ғалымдардың қанаттарын қоздап ұшырған алтын ұя мерейінің келешекте де өсе беретіні сөзсіз.

## ХАБАРЛАР

Қазақстан Республикасының президенті Н. Назарбаев университетімізде болды. Оқытушы студенттер құрамынан болған кездесуде университет ректоры К. Нәрібаев кіріспе сөз сөйлеп ашты. Ол өз сөзінде ғылыми кеңестің шешімімен Н. Назарбаевқа экономика ғылымының докторы және университеттің құрметті профессоры атақтары берілгенін хабарлап, дипломдарын табыс етті. Республикалық айтыстың жүлдегері, филология факультетінің студенті, ақын М. Тазабеков елбасына арнап, құттықтау өлең айтты.

Республика президенті Н. Назарбаевқа сөз берілді. Ол екі сағаттай сөз сөйлеп, қойылған түрлі сұрақтарға жауап берді. Президент қазір елімізде жүріп жатқан саяси, экономикалық өзгерістерге түсініктер беріп, алда тұрған ұланғайыр міндеттерге тоқталды. Нарықтық экономикаға негізделген өркениетті қоғам орнатуда қазіргі заманғы білімдермен қаруланған жастарға үлкен үміт артатындығын білдірді. Осы салада жүргізіліп жатқан, оның ішінде жоғарғы оқу орындары жүйесін жетілдіру бағытындағы жұмыстардан хабарлар етті.

Кездесуде қазақ әдебиеті кафедрасының менгерушісі, академик З. Қабдолса, журналистика факультетінің деканы Ю. Крикунов, студенттік кәсіподақ комитетінің төрайымы Н. Симонова сөз сөйлеп, президенттің жүргізіп отырған саясатына қолдау білдірді.

\*\*\*

Университет жанынан жұмыс істейтін «Мирас» халық университетінің кезекті сабағы ірі мемлекет қайраткері, қарымды қаламгер, журналист, 1937 жылғы қызыл қырғынның құрбаны Сұлтанбек Қожанұлына арналды. Кіріспе сөз сөйлеген профессор У. Шалекеновтен сон Темірбек Қожакеев «Сұлтанбек сырлары» деген тақырыпта баяндама жасады. Бұдан кейін Қазақстан ҒА-ның корреспондент мүшесі Р. Бердібаев, Жазушылар Одағы басқармасының хатшысы, жазушы Б. Қойшыбаев, Қожанов туралы «Турмеде сөнген шырақ» атты кітап жазған Ж. Әлмашев, әдеби-публицистикалық мұрағат жасап жүрген журналистика факультетінің аға оқытушысы А. Шәріпов шығып сөйлеп, С. Қожановтың халқым деп еңіреп өткен біртуар ардагер азамат екендігіне назар аударды. Сабакқа Сұлтанбектің қызы Зіба Қожанова қатысып, әкесі жайлы естеліктер айтты. Сөйлеушілер үстіндегі жылы С. Қожанұлының туғанына 100 жыл толып отырғанын, оны бүкіл республика көлемінде кеңінен атап өту жайлы мәселе көтерді.

Университет ректоры экономика ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі, профессор Көпжасар Нәрібайұлы мырза оқытушы-профессорлар құрамы және студенттермен кездесті. «ҚазМУ-дің бүгінгі мен болашағы» деген тақырыпта өткен бұл кездесуді «Мирас» халық университетінің ректоры, профессор Уахит Шалекенов кіріспе сөзбен ашты. Бұдан кейін сөз алған К. Нәрібайұлы мырза бүгінгі нарық заманындағы университеттің хал-ақуалын баяндай келе болашағы жайлы да тұшымды, тұжырымды ойлар айтты.

Иә, 60 жылдық мерейтой қарсаңында университет ұжымын үлкен қуаныштар күтіп тұр. Сән-салтанаты, кеңдігі жөнінен қаладағы ешбір сарайлардан кем соқпайтын қалашықтағы Жастар үйінің құрылысы бітіп, пайдалануға берілмекші. Университет ұжымына берілетін тұрғын үй құрылысы да бітуге таяу. Оқытушылар жалақысы екі есе өсті. Студенттер де мұндай қамқорлықтан құралақан емес.

К. Нәрібайұлы мырза кездесу барысында қойылған көптеген сұрақтарға жауап берді.

Кездесу соңында арнайы қомақ ретінде шақырумен келген Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі Нұрғали Нүсіпжанов бастаған «Жазира» ансамблі концерт беріп, жиналғандарды өнерімен тәнті етті.

РЕДАКТОР ДАНДАЙ ЫСҚАҚОВ. Жауапты хатшы Шаяхмет О. азымбекұлы. АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ: Л. С. Ахметова, Ж. Д. Дәдебаев, Ә. Б. Дербісәлиев, Ю. А. Крикунов, З. А. Мансұров, Н. Е. Симонова.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ: ӘЛ-ФАРАБИ ДАҒҒЫЛЫ, 71, телефоны: 47-25-17.

Газет Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы № 1242 куәлігі берілген.

Құрылтайшы — Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік ұлттық университетінің ұжымы. Таралымы — 500 дана. Тапсырыс № 146